

«ЕСІЛ АУДАНЫНЫҢ
ӨДІЛЕТ БАСҚАРМАСЫ»
ЗАНДЫ ТҰЛҒАНЫ
МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЙТА
ТІРКЕУ

201 9 ж. 11.01 ЖҮРГІЗІЛДІ
БСН 07-1740003693
АЛҒАШҚЫ ТІРКЕЛГЕН КҮНІ 26.06.2017
КҮӨЛІК № 4-221-1901-02-AB



Қазақстан Республикасы
Қаржы министрлігінің
2018 жылғы «24» 12
№ 1103 бұйрығымен

БЕКІТІЛДІ

«Электрондық қаржы орталығы»
Акционерлік қоғамының
ЖАРҒЫСЫ

Астана қаласы, 2018

1. Жалпы ереже. «Электрондық қаржы орталығы» акционерлік қоғамының заңды мәртебесі

1. Осы «Электрондық қаржы орталығы» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Қоғам) Жарғысы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әзірленеп, және оның атауын, оның атқарушы органының орналасқан жерін, акционерлердің құқықтары туралы мәліметтерді, қоғам органдарын құру тәртібі мен құзыретін, сондай-ақ олардың қызметін ұйымдастыру тәртібін, Қоғамның қызметі туралы ақпарат беру тәртібін, Қоғамның қызметін қайта ұйымдастыру мен тоқтату шарттарын және Қоғамның қызметіне қатысты басқа да ережелерді қоса алғанда, қоғамның құқықтық мәртебесі туралы ережелерді қамтиды.

2. Қоғам «Республикалық меншіктің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 5 мамырдағы № 248 Қаулысына сәйкес «Электрондық коммерция орталығы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігін қайта құру жолымен құрылды.

3. «Электрондық коммерция орталығы» акционерлік қоғамын қайта атау туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 28 қарашадағы №792 Қаулысына сәйкес «Электрондық коммерция орталығы» АҚ "Электрондық қаржы орталығы" АҚ болып өзгертілді.

4. Қоғамның құрылтайшысы Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті тұлғасында Қазақстан Республикасының Үкіметі болып табылады. Қоғам акцияларының мемлекеттік пакетін иелену және пайдалану құқығын Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі (бұдан әрі – Жалғыз акционер) жүзеге асырады.

5. Қоғамның атауы:

Толық атауы:

1) мемлекеттік тілде: «Электрондық қаржы орталығы» акционерлік қоғамы;

2) орыс тілінде: акционерное общество «Центр электронных финансов»;

3) ағылшын тілінде: «E-finance Center» Joint Stock Company.

Қоғамның қысқартылған атауы:

1) мемлекеттік тілде: «ЭҚО» АҚ;

2) орыс тілінде: АО «ЦЭФ»;

3) ағылшын тілінде: JSC «EFC».

6. Қоғамның атқарушы органның орналасқан жері:

Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қаласы, Есіл ауданы, Мәңгілік Ел даңғылы, 30 ғимарат.

7. Қоғам қызметінің мерзімі – шектелмеген.

8. Қоғам орта кәсіпкерлік субъектісі болып табылады.

2. Қоғамның заңды мәртебесі

9. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша заңды тұлға болып табылады және өз қызметін Қазақстан Республикасының Азаматтық

3

кодексіне, «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 13 мамырдағы Заңына (бұдан әрі – АҚ туралы Заң) және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне, сондай-ақ осы Жарғыға сәйкес жүзеге асырады және Қоғамның ішкі құжаттарына сәйкес жүзеге асырады.

10. Қоғам әділет органдарында мемлекеттік тіркелген сәтінен бастап заңды тұлға мәртебесіне ие болды.

11. Қоғамның дербес теңгерімі, банктік шоттары, толық фирмалық атауы мемлекеттік және орыс тілдерінде көрсетілген мөрі болады.

12. Қоғамның өз атауы жазылған мөрлері, бланкілері және оның қызметін жүзеге асыру үшін қажетті өзге де деректемелері, сондай-ақ банктерде шоттары, оның ішінде валюталық шоттары бар, тауар таңбасы, логотипі және өзге де фирмалық деректемелері болуы мүмкін. Қоғамның барлық деректемелері мемлекеттік және орыс тілінде рәсімделеді.

13. Қоғам осы Жарғыда және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген тәртіппен еншілес және тәуелді заңды тұлғаларды құруға, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағында және одан тыс жерлерде басқа заңды тұлғалардың жарғылық капиталдарына және қызметіне қатысуға құқылы.

3. Қоғамның құрылтайшылық құжаттары

14. Осы Жарғы Қоғамның құрылтайшылық құжаты болып табылады. Барлық мүдделі тұлғалар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес осы Жарғымен танысуға құқылы.

4. Қоғамның мәні және қызметінің негізгі түрлері

15. Қоғам қызметінің мәні:

- 1) деректерді орналастыру және өңдеу қызметтері;
- 2) веб-порталдар болып табылады.

Қоғам қызметінің негізгі мақсаттары:

1) мемлекеттік сатып алу веб-порталын және мемлекеттік қаржы саласындағы өзге де ақпараттық жүйелерді дамыту, енгізу, сүйемелдеу және жүйелік-техникалық қызмет көрсету;

2) мемлекеттік сатып алу веб-порталын және мемлекеттік қаржы саласындағы өзге де ақпараттық жүйелерді құру, дамыту, енгізу, сүйемелдеу және жүйелік-техникалық қызмет көрсету жөніндегі жобаларды басқару функцияларын жүзеге асыру. Бұл ретте 2020 жылғы 1 қаңтарға дейін мемлекеттік қаржы саласында ақпараттық жүйелерді құру жөніндегі жобаларды басқару функцияларын жүзеге асыру шартымен;

3) мемлекеттік сатып алу веб-порталын пайдалану бойынша қызметтерді мемлекеттік сатып алу субъектілеріне өтеусіз негізде көрсету;

4) мемлекеттік сатып алу веб-порталының жұмыс істеуі мәселелері бойынша мемлекеттік сатып алу жүйесінің субъектілеріне өтеусіз негізде консультациялық көмек көрсету;

5) мемлекеттік сатып алу веб-порталында орналастырылған мемлекеттік сатып алу жүйесі субъектілерінің электрондық ақпараттық ресурстарын сақтаудың ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

6) мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидасына сәйкес мемлекеттік сатып алу веб-порталын ақпараттық толықтыруды жүзеге асыру;

7) мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерін, мемлекеттік электрондық ақпараттық ресурстарды интеграциялау және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелері бойынша уәкілетті субъектілермен өзара іс-қимыл;

8) анықтамалықты енгізе отырып тауарлар, жұмыстар, қызметтер бағаларының деректер базасын енгізу және сүйемелдеу;

9) ақпараттық жүйелерді дамыту, енгізу, сүйемелдеу шеңберінде бағдарламалық қамтамасыз етуді жеткізу;

10) өтеусіз негізде ақпараттандыру саласындағы техникалық регламенттерді, мемлекеттік және салалық стандарттарды әзірлеуге қатысу;

11) тиісті тауар нарығында бәсекелестікті шектеуге жол бермеу шартымен орталық және жергілікті атқарушы органдардың, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің тапсырысы бойынша қажет болған жағдайда семинарлар, конференциялар мен курстар ұйымдастыруды, электрондық мемлекеттік сатып алу саласындағы мамандарды қайта даярлауды және олардың біліктілігін арттыруды қоса алғанда, оқу бағдарламаларын әзірлеу, оқытуды ұйымдастыру және өткізу;

12) мемлекеттік мүлікті өтеусіз негізде есепке алуды жүзеге асыру кезінде мемлекеттік органдарды ақпараттық-техникалық қамтамасыз етуді жүзеге асыру;

13) Қаржы министрлігі және оның құрылымдық бөлімшелері (ұйымдары) үшін мемлекеттік қаржы саласындағы деректерді сараптамалық-талдамалық бағалау;

14) Қаржы министрлігі мен оның құрылымдық бөлімшелері (ұйымдары) үшін мамандандырылған есептер мен әдіснамалық ұсынымдар әзірлеу;

15) бюджеттік процесс саласында мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерін құруға және дамытуға пайдаланушыларды қоспағанда, техникалық құжаттаманы әзірлеуді жүзеге асыру;

16) бюджеттік процесс саласында мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелеріне жүйелік-техникалық қызмет көрсетуді және сүйемелдеуді жүзеге асыру;

17) бюджеттік процесс саласында мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерін құру, дамыту, жүйелік-техникалық қызмет көрсету және сүйемелдеу жөніндегі жобаларды басқаруды жүзеге асыру;

18) бюджеттік процесс саласында мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінің субъектілеріне консультациялық көмек көрсету;

19) бюджеттік процесс саласындағы мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінің ақпараттық қауіпсіздігінің Қазақстан Республикасының Ақпараттандыру туралы заңнамасының талаптарына сәйкестігін қамтамасыз ету болып табылады.

16. Егер қызметтің жекелеген түрлерін жүзеге асыру және іс-қимылдардың жекелеген түрлерін жасау үшін рұқсаттың болуы талап етілетін болса, онда қызметтің және іс-қимылдың осы түрлері тиісті рұқсат болған кезде ғана жүзеге асырылуы мүмкін.

5. Қоғамның құқықтары мен міндеттері

17. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген құқықтарға ие және міндеттерге жауапты болады.

18. Қоғам Жалғыз акционердің мүлкінен оқшауланған мүлікке ие және оның міндеттемелері бойынша жауап бермейді. Қоғам өз мүлкі шегінде өз міндеттемелері бойынша жауап береді.

19. Жалғыз акционер Қоғамның міндеттемелері бойынша жауап бермейді және Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, өзіне тиесілі акциялар құнының шегінде Қоғам қызметіне байланысты шығындар тәуекелінде болады.

20. Қоғам өз атынан мәмілелер (шарттар, келісімшарттар) жасап, мүлктік және жеке мүлктік емес құқықтар мен міндеттемелерді сатып алуы, сотта талапкер немесе жауапкер болуы, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін басқа да іс-әрекеттерді жүзеге асыруы мүмкін.

21. Қоғам зияткерлік меншік объектілеріне айрықша құқықтардың иесі бола алады, сондай-ақ лицензиялық шарттар (келісімдер) негізінде зияткерлік меншік объектілерін пайдалана алады.

22. Қоғам зияткерлік меншік құқығының объектілерін және басқа ақпаратты иелену және пайдалану құқығын сатып алуы және беруі мүмкін.

23. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өз құзыреті шегінде халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асырады.

24. Қоғам белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының аумағында және одан тысқары жерлерде орналасқан банктерде және басқа да қаржы мекемелерінде ұлттық, сол сияқты шетел валютасында шоттар ашуға, уақытша бос ақшаларды қаржылық құралдарға орналастыруға құқылы.

25. Қоғамның Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазақстандық, сол сияқты шетелдік заңды және жеке тұлғалардан теңгемен және шетел валютасында қарыздар алуға және кредиттерді пайдалануға құқығы бар.

26. Қоғам ішкі нормативтік-техникалық және корпоративтік құжаттаманы әзірлейді және бекітеді.

27. Қоғам Жалғыз акционердің осы Жарғының 30-тармағында белгіленген міндеттерді орындамауының салдары үшін жауапкершілік алмайды.

28. Қоғамның Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы

Жарғыда көзделген басқа да құқықтары мен өзге де міндеттері болуы мүмкін

6. Жалғыз акционердің құқықтары мен міндеттері

29. Жалғыз акционер:

1) Қазақстан Республикасының АҚ туралы заңында және (немесе) осы Жарғыда көзделген тәртіппен Қоғамды басқаруға қатысуға;

2) дивидендтер алуға;

3) Қоғамның қызметі туралы ақпарат алуға, оның ішінде Қоғам Жарғысында айқындалған тәртіппен Қоғамның қаржылық есептілігімен танысуға;

4) Қоғамды тіркеушіден немесе номиналды ұстаушыдан өзінің бағалы қағаздарға меншік құқығын растайтын үзінді көшірмелер алуға;

5) Қоғамның органдары қабылдаған шешімдерге сот тәртібімен шағымдануға;

6) Қоғамның лауазымды адамдарының Қоғамға келтірілген залалдарды Қоғамға өтеуі және Қоғамның лауазымды адамдарының және (немесе) олардың аффилиирленген тұлғаларының ірі мәмілелер және (немесе) жасалуына мүдделілік бар мәмілелер жасасу (жасасуға ұсыныс) туралы шешімдер қабылдау нәтижесінде өздері алған пайданы (табысты) Қоғамға қайтаруы туралы талаппен АҚ туралы заңда көзделген жағдайларда өз атынан сот органдарына жүгінуге;

7) Қоғамға оның қызметі туралы жазбаша сұрау салумен жүгінуге және Қоғамға сұрау салу түскен күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде дәлелді жауап алуға;

8) Қоғам таратылған кезде мүліктің жартысына;

9) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, АҚ туралы заңмен белгіленген тәртіппен оның акцияларына айырбасталатын Қоғамның акцияларын немесе басқа бағалы қағаздарын басымдықпен сатып алуға;

10) Директорлар кеңесі отырысын шақыруды талап етуге;

11) өз есебінен аудиторлық ұйымның Қоғам аудитін жүргізуді талап етуге құқылы.

30. Жалғыз акционер Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Жарғыда көзделген басқа да құқықтарға ие болуы мүмкін.

31. Қоғамның Жалғыз акционері:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Жарғыда көзделген тәртіппен акцияларға ақы төлеуге

2) он күн ішінде Қоғамның тіркеушісін және акциялардың номиналды ұстаушысын Қоғам акцияларын ұстаушылардың тізілімдер жүйесін жүргізу үшін қажетті мәліметтердің өзгергені туралы хабардар етуге;

3) Қоғам немесе оның қызметі туралы қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпаратты жария етпеуге;

4) АҚ туралы Заңға және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілеріне сәйкес өзге де міндеттерді орындауға міндетті.

7. Қоғамның мүлкі

32. Қоғам мүлкі Қоғамның қызметін қамтамасыз етуге арналған және оған меншік құқығында тиесілі.

33. Қоғам мүлкі:

- 1) Жалғыз акционер Қоғам акцияларын төлеуге берген мүлік;
- 2) Қоғам қызметі нәтижесінде алынған кірістер;
- 3) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес басқа негіздер бойынша сатып алынған өзге де мүліктер есебінен қлыптасады.

34. Қоғам құрған филиалдар мен өкілдіктердің мүлкі Қоғамға меншік құқығымен тиесілі.

8. Қоғамның жарғылық капиталы

35. Жарғылық капитал Қоғам қызметін қамтамасыз ету үшін құрылады және Қоғамның Жалғыз акционерінің акцияларды олардың атаулы құны бойынша және инвесторлардың Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінің және осы Жарғының талаптарына сәйкес белгіленетін орналастыру бағалары бойынша төлеуі арқылы қалыптастырылады.

36. Қоғамның жарғылық капиталын ұлғайту Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген тәртіппен және негіздер бойынша жүргізілуі мүмкін.

9. Қоғамның акциялары және басқа да бағалы қағаздары

37. Қоғам тек жай акциялар шығарады. Жай акция акционерге оның қарауына шығарылатын барлық мәселелер бойынша шешім қабылдау құқығын береді. Жай акция сондай-ақ акционерге Қоғамның таза табысы болған кезде дивидендтер алуға және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Қоғам таратылған кезде оның мүлкінің бір бөлігін алуға құқық береді.

38. Қоғам акцияларын шығару құжатсыз нысанда жүзеге асырылады.

39. Орналастыру (іске асыру) туралы шешім, оның ішінде жарияланған акциялардың саны шегінде Қоғамның орналастырылатын (сатылатын) акцияларының саны, оларды орналастыру (өткізу) тәсілі мен бағасы туралы Қоғамның Директорлар кеңесі қабылдайды.

40. Қоғам өз акцияларын шығару мемлекеттік тіркелгеннен кейін орналастырады.

41. Орналастырылатын акцияларды төлеуге Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, ақша, мүлдіктік құқықтар (оның ішінде зияткерлік меншік объектілеріне құқықтар) және өзге де мүлік енгізілуі мүмкін.

Ақшадан басқа өзге мүлікпен ақы төлеу Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес берілген лицензия негізінде әрекет ететін бағалаушы айқындайтын баға бойынша жүзеге асырылады.

42. Қоғамның акцияларын ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін қалыптастыруды, жүргізуді және сақтауды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қоғамның тәуелсіз тіркеушісі жүзеге асырады.

43. Қоғам өзі орналастырған бағалы қағаздарды:

- 1) кепілге берілетін бағалы қағаздар толық төленген;
- 2) Қоғамның сатып алған акцияларын қоспағанда, Қоғамға кепілге берілетін және оның кепілінде жатқан акциялардың жалпы саны Қоғамның орналастырылған акцияларының жиырма бес процентінен аспаған;
- 3) егер Қоғам жарғысында өзгеше белгіленбесе, кепіл туралы шартты Директорлар кеңесі мақұлдаған жағдайда ғана кепілге қабылдай алады.

10. Дивиденттер

44 Қазақстан Республикасының Заңнамасымен белгіленген тәртіпте Қоғамның оған тиесілі акциялар бойынша төлейтін Жалғыз акционердің кірісі дивиденд болып табылады.

Дивидендтерді төлеу ақшамен жүргізіледі.

45. Жыл қорытындылары бойынша жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешімді Жалғыз акционер қабылдайды.

46. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жыл қорытындылары бойынша дивидендтер дивидендтер төлеу туралы шешім қабылданған кезде Жалғыз акционер белгілеген мерзімде төленеді.

47. Жалғыз акционер Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтерді төлеу туралы шешім қабылдаған күннен бастап он жұмыс күні ішінде оны бұқаралық ақпарат құралдарында міндетті түрде жариялай отырып шешім қабылдауға құқылы.

48 Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім осындай шешім қабылданған күннен бастап он жұмыс күні ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануға тиіс.

49 Дивидендтер төлеу туралы шешімде:

- 1) Қоғамның атауы, орналасқан жері, банктік және өзге де деректемелері;
- 2) дивидендтер төленетін кезең;
- 3) бір жай акцияға есептегендегі дивидендтің мөлшері;
- 4) дивидендтерді төлеу басталатын күн;
- 5) дивидендтерді төлеу тәртібі мен нысаны туралы ақпарат болуы тиіс

50 Жалғыз акционер Қоғам берешегінің пайда болған мерзіміне қарамастан алынбаған дивидендтерді төлеуді талап етуге құқылы.

51 Меншікті капиталының теріс мөлшері болған жағдайда немесе егер қоғамның меншікті капиталының мөлшері оның акциялары бойынша дивидендтер есептеу нәтижесінде теріс болған кезде, сондай-ақ егер Қоғам Қазақстан Республикасының банкроттық туралы заңнамасына сәйкес төлем қабілетсіздігі немесе дәрменсіздік белгілеріне жауап берсе не көрсетілген белгілер Қоғамда оның акциялары бойынша дивидендтер төлеу нәтижесінде пайда болған жағдайда жай акциялар бойынша Жалғыз акционерге дивиденттер есептеуге жол берілмейді.

52 Осы Жарғының 52-тармағын бұза отырып жасалған іс-әрекеттер қоғам кредиторларының мүдделеріне нұқсан келтіретін ретінде қаралады және кез келген мүдделі тұлғаның талабы бойынша сот жарамсыз деп тануы мүмкін.

11. Қоғамның органдары

53 Қоғамның органдары мыналар болып табылады:

- 1) жоғарғы орган – Жалғыз акционер;
- 2) басқару органы – Директорлар кеңесі;
- 3) атқарушы орган – Басқарма;
- 4) бақылау органы – Ішкі аудит қызметі (ішкі аудитор).

12. Қоғамның Жалғыз акционері

54 Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Жарғымен акционерлердің жалпы отырысының құзыретіне қатысты мәселелер бойынша шешімдер Қазақстан Республикасының заңнамасына және (немесе) осы Жарғыға сәйкес Жалғыз акционермен қабылданады және белгіленген тәртіп бойынша бұйрықпен рәсімделеді.

55 Жалғыз акционер жыл сайын қаржы жылы аяқталғаннан кейін бес ай ішінде акционерлердің жылдық жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешім қабылдауға міндетті. Есепті кезеңде Қоғам қызметінің аудитін аяқтау мүмкін болмаған жағдайда, көрсетілген мерзім үш айға дейін ұзартылған болып есептеледі.

56 Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді дайындауды Басқарма және Директорлар кеңесі жүзеге асырады.

57 Директорлар кеңесі АҚ туралы заңға сәйкес Қоғам акционерлерінің жылдық жалпы жиналысында қаралуы тиіс мәселелерді Жалғыз акционердің қарауына шығаруға бастамашылық етеді.

58 Жалғыз акционердің қарауына шығарылатын мәселелер бойынша материалдар осы мәселелер бойынша негізделген шешімдер қабылдау үшін қажетті көлемде ақпаратты қамтуы тиіс.

59 Қоғам органдарын мүшелерін сайлау мәселелері жөніндегі материалдарда ұсынылып отырған кандидаттар туралы мынадай ақпарат болуға тиіс:

- 1) аты-жөні, сондай-ақ тілегі бойынша әкесінің аты;
- 2) білімі туралы мәліметтер;
- 3) Қоғамға қатысты аффилиирленгендігі туралы мәліметтер;
- 4) соңғы үш жылдағы жұмыс орындары мен атқарған лауазымдары туралы мәліметтер;
- 5) кандидаттардың біліктілігін, жұмыс тәжірибесін растайтын өзге де ақпарат.

60 Жалғыз акционердің қарауына Директорлар кеңесін сайлау (Директорлар кеңесінің жаңа мүшесін сайлау) туралы мәселе енгізілген жағдайда материалдарда Директорлар кеңесінің мүшелігіне ұсынылып отырған

10

кандидат Жалғыз акционердің өкілі болып табылатындығы және (немесе) ол Қоғамның тәуелсіз директоры лауазымына кандидат болып табылатындығына табылмайтындығы көрсетілуге тиіс.

61 Жалғыз акционердің қарауына шығарылатын акционерлердің жылдық жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша материалдар:

- 1) Қоғамның жылдық қаржылық есептілігін;
 - 2) Жылдық қаржылық есептілік туралы аудиторлық есепті;
 - 3) егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше көзделмесе, Директорлар кеңесінің өткен қаржы жылындағы Қоғамның таза табысын бөлу тәртібі және Қоғамның бір жай акциясына шаққандағы бір жыл ішіндегі дивидендтің мөлшері туралы ұсыныстарды;
 - 4) Жалғыз акционердің Қоғам мен оның лауазымды тұлғаларының іс-әрекетіне жүгінулері және оларды қарау қорытындылары туралы ақпаратты;
 - 5) бастамашының қалауы бойынша өзге де құжаттарды қамтуы тиіс.
- 62 Жалғыз акционердің шешімдерінің көшірмелері Қоғамда сақталады және танысу үшін Жалғыз акционерге кез келген уақытта берілуі тиіс.

13. Жалғыз акционердің айрықша құзыреті

63 Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне мынадай мәселелер кіреді:

- 1) Қоғамның Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу немесе оны жаңа редакцияда бекіту;
- 2) Корпоративтік басқару кодексін, сондай-ақ оған өзгерістер мен толықтыруларды бекіту;
- 3) Қоғамды ерікті түрде қайта ұйымдастыру немесе тарату;
- 4) Қоғамның жарияланған акцияларының санын ұлғайту немесе қоғамның орналастырылмаған жарияланған акцияларының түрін өзгерту туралы шешім қабылдау;
- 5) Қоғамның бағалы қағаздарын айырбастау шарттары мен тәртібін айқындау, сондай-ақ оларды өзгерту;
- 6) Қоғамның жай акцияларына айналатын бағалы қағаздарды шығару туралы шешімдерді қабылдау;
- 7) орналастырылған акциялардың бір түрін акциялардың басқа түріне айырбастау туралы шешім қабылдау, осындай айырбастаудың шарттары мен тәртібін айқындау;
- 8) Директорлар кеңесінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін белгілеу, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ Директорлар Кеңесінің мүшелеріне олардың өз міндеттерін орындағаны үшін сыйақы және шығыстарды өтеу мөлшері мен шарттарын айқындау;
- 9) Директорлар кеңесі туралы ережені бекіту;
- 10) Қоғамға аудит жүргізетін аудиторлық ұйымды анықтау;
- 11) жылдық қаржылық есептілікті бекіту;

12) есепті қаржы жылындағы Қоғамның таза табысын бөлу тәртібін бекіту, жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау және қоғамның бір жай акциясына шаққандағы дивиденд мөлшерін бекіту;

13) Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтерді төлемеу туралы шешім қабылдау;

14) Қоғам акцияларының ерікті делистингі туралы шешім қабылдау;

15) Қоғамға тиесілі барлық активтердің жиырма бес және одан да көп пайызын құрайтын сомада активтердің бір бөлігін немесе бірнеше бөлігін беру (алу) арқылы Қоғамның өзге заңды тұлғаларды құруға немесе олардың қызметіне қатысуы не өзге заңды тұлғалардың қатысушыларының (акционерлерінің) құрамынан шығуы туралы шешім қабылдау

16) АҚ туралы осы Заңға сәйкес Қоғам ұйымдастырылмаған нарықта акцияларды сатып алған кезде олардың құнын анықтау әдістемесіне өзгерістерді бекіту (егер оны Құрылтай жиналысы бекітпесе, әдістемені бекіту);

17) нәтижесінде акционерлік Қоғам активтері баланстық құнының жалпы мөлшерінің елу және одан көп пайызы сатып алынатын немесе иеліктен шығарылатын (иеліктен шығарылуы мүмкін) мәміле туралы шешімді қабылдау күніне құны оның активтері баланстық құнының жалпы мөлшерінің елу және одан көп пайызын құрайтын мүлікті нәтижесінде Қоғам иеліктен шығаратын (иеліктен шығаруы мүмкін) ірі мәмілені Қоғамның жасасуы туралы шешім қабылдау;

18) шешім қабылдау АҚ туралы Заңда және (немесе) осы Жарғымен Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне жатқызылған өзге де мәселелер.

Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше көзделмесе, шешім қабылдау жалғыз акционердің айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді басқа органдардың, лауазымды адамдардың және Қоғам қызметкерлерінің құзыретіне беруге жол берілмейді.

Жалғыз акционер Қоғамның ішкі қызметіне жататын мәселелер бойынша Қоғамның өзге органдарының кез келген шешімінің күшін жоюға және олар бойынша шешім қабылдауға құқылы.

64 Жалғыз акционердің құзыретіне жатқызылған кейбір мәселелер бойынша Жалғыз акционердің шешімдерінің жобалары «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы Заңының 177-бабының 2-тармағына сәйкес мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органмен алдын ала келісіледі.

14. Қоғамның Директорлар кеңесі

65 Директорлар кеңесі Қазақстан Республикасының заңнамасымен және (немесе) осы Жарғымен жалғыз акционердің айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді шешуді қоспағанда, Қоғамның қызметіне жалпы басшылық жасауды жүзеге асырады. Директорлар кеңесінің шешімдері осы бөлімде айқындалған тәртіппен қабылданады.

66 Жалғыз акционердің шешімі бойынша Директорлар кеңесінің мүшелеріне олардың өз міндеттерін атқару кезеңінде, мемлекеттік қызметшілер

болып табылатын мүшелерді қоспағанда, Директорлар кеңесі мүшесінің функцияларын атқаруына байланысты сыйақы төленуі және (немесе) шығыстары өтелуі мүмкін. Мұндай сыйақылар мен өтемақылардың мөлшері осы Жарғының 63-тармағының 8) тармақшасына сәйкес Жалғыз акционердің шешімімен белгіленеді.

67 Қоғамның Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне:

- 1) Қоғам қызметінің басым бағыттарын анықтау және даму жоспарын бекіту;
- 2) жарияланған акциялардың саны шегінде акцияларды орналастыру (өткізу) туралы, оның ішінде орналастырылатын (өткізілетін) акциялардың саны, оларды орналастыру (өткізу) тәсілі мен бағасы туралы шешім қабылдау;
- 3) Қоғамның орналастырылған акцияларды немесе басқа да бағалы қағаздарды сатып алуы және оларды сатып алу бағасы туралы шешім қабылдау;
- 4) Қоғамның жылдық қаржылық есептілігін алдын ала бекіту;
- 5) Директорлар кеңесінің комитеттерін құру, олардың құрамын анықтау және олар туралы ережелерді бекіту;
- 6) Қоғамның облигацияларын және туынды бағалы қағаздарын шығару шарттарын анықтау, сондай-ақ оларды шығару туралы шешімдер қабылдау;
- 7) Басқарманың сандық құрамын, өкілеттік мерзімін анықтау, Төрағаны және Басқарма мүшелерін сайлау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;
- 8) Басқарма төрағасы мен Бмүшелерінің лауазымдық айлықақыларының мөлшерін және еңбекақы төлеу мен сыйлықақы беру шарттарын айқындау;
- 9) ішкі аудит қызметінің сандық құрамын, өкілеттіктерінің мерзімін белгілеу, оның басшысын және мүшелерін тағайындау, сондай-ақ оның өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібін анықтау, ішкі аудит қызметі қызметкерлеріне еңбекақы төлеу мен сыйлық беру мөлшері мен шарттарын белгілеу;
- 10) корпоративтік хатшыны тағайындау, оның өкілеттік мерзімін белгілеу, оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ корпоративтік хатшының жұмыс тәртібін анықтау, ішкі аудит қызметі қызметкерлеріне еңбекақы төлеу мен сыйлық беру мөлшері мен шарттарын белгілеу;
- 11) қаржылық есептілік аудиті үшін аудиторлық ұйымның, сондай-ақ Қоғамның акцияларын төлеуге берілген не ірі мәміле мәні болып табылатын мүліктің нарықтық құнын бағалау бойынша бағалаушының қызметіне ақы төлеу мөлшерін айқындау;
- 12) Қоғамның ішкі қызметін реттейтін құжаттарды (Қоғам қызметін ұйымдастыру мақсатында атқарушы орган қабылдайтын құжаттарды қоспағанда), оның ішінде аукциондар өткізу және Қоғамның бағалы қағаздарына жазылу шарттары мен тәртібін белгілейтін ішкі құжатты бекіту;
- 13) Қоғамның филиалдары мен өкілдіктерін құру және жабу туралы шешімдер қабылдау және олар туралы ережелерді бекіту;
- 14) Қоғамның басқа заңды тұлғалар акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) он және одан да көп пайызын сатып алуы (иеліктен шығаруы) туралы шешім қабылдау;

15) акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) он және одан да көп пайызы Қоғамға тиесілі заңды тұлға акционерлерінің (қатысушыларының) жалпы жиналысының құзыретіне жататын қызмет мәселелері бойынша шешімдер қабылдау;

16) Қоғамның міндеттемелерін оның меншікті капиталы мөлшерінің он және одан да көп пайызын құрайтын шамаға ұлғайту;

17) Қоғам немесе оның қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын қызметі туралы ақпаратты айқындау;

18) осы Жарғының 63-тармағының 17) тармақшасына сәйкес жасалуы туралы шешімді Жалғыз акционер қабылдайтын ірі мәмілелерді қоспағанда ірі мәмілелерді және жасалуына Қоғам мүдделі мәмілелерді жасау туралы шешім қабылдау;

19) Қоғамның тиісті кезеңге арналған даму жоспарында белгіленген көрсеткіштер шеңберінде Қоғамның ұйымдық құрылымы мен штат санын бекіту;

20) АҚ туралы заңда және (немесе) осы Жарғыда көзделген, Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне жатпайтын өзге де мәселелер бойынша шешімдер қабылдау жатқызылады.

68 Тізбесі осы Жарғының 67-тармағында белгіленген мәселелер Басқармаға шешім үшін берілмейді.

69 Директорлар кеңесі осы Жарғыға сәйкес Басқарма құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдер қабылдауға, сондай-ақ Жалғыз акционердің шешімдеріне қайшы келетін шешімдерді қабылдауға құқылы емес.

70 Директорлар кеңесінің құрамына сайланған тұлғалар шектелмеген түрде қайта сайлана алады.

71 Директорлар кеңесінің өкілеттіктер мерзімі Жалғыз акционермен белгіленеді және жаңа Директорлар кеңесін сайлау туралы шешімді Жалғыз акционер қабылдаған сәтте аяқталады.

72 Жалғыз акционердің шешімі бойынша Директорлар кеңесінің барлық немесе жекелеген мүшелерінің өкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқтатылуы мүмкін.

Директорлар кеңесінің осындай мүшесінің өкілеттігі оның өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату туралы шешімді Жалғыз акционер қабылдаған сәттен бастап тоқтатылады.

73 Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігін өз бастамасы бойынша мерзімінен бұрын тоқтату Директорлар кеңесіне берілген жазбаша хабарлама негізінде жүзеге асырылады.

Директорлар кеңесінің мұндай мүшесінің өкілеттігі директорлар кеңесі аталған хабарламаны алған кезден бастап тоқтатылады.

74 Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтатқан және Жалғыз акционермен Директорлар кеңесінің жаңа мүшесін сайлаған (тағайындаған) жағдайда соңғысының өкілеттігі жалпы алғанда Директорлар кеңесі өкілеттіктер мерзімінің аяқталуымен бірге аяқталады.

75 Басқарма төрағасын қоспағанда, Басқарма мүшелері Директорлар кеңесіне сайлануы мүмкін емес. Басқарма төрағасы Директорлар кеңесінің

14

төрағасы болып сайланбайды.

76 Директорлар кеңесі мүшесінің лауазымына мынадай тұлғалар сайланбайды:

1) заңнамада белгіленген тәртіппен өтелмеген немесе алынбаған соттылығы бар;

2) мәжбүрлеп тарату немесе акцияларды мәжбүрлі сатып алу немесе белгіленген тәртіппен банкрот деп танылған басқа заңды тұлғаны консервациялау туралы шешім қабылдаған күнге дейін бір жыл бұрыннан аспайтын кезеңде басқа заңды тұлғаның бұрын Директорлар кеңесінің төрағасы, бірінші басшы (басқарма төрағасы), басшының орынбасары, бас бухгалтері болған. Көрсетілген талап мәжбүрлеп тарату немесе акцияларды мәжбүрлі сатып алу немесе белгіленген тәртіппен банкрот деп танылған басқа заңды тұлғаны консервациялау туралы шешім қабылдаған күннен кейін бес жыл ішінде қолданылады.

77 Директорлар кеңесі мүшелерінің саны кемінде үш адамды құрауға тиіс. Директорлар кеңесінің мүшелері болып табылатын тәуелсіз директорлар саны Директорлар кеңесі мүшелері саны отыз пайыздан кем болмайды.

78 Директорлар кеңестері жанынан комитеттер құрылады: Стратегиялық жоспарлау комитеті, Аудит комитеті, Кадрлар және сыйақылар комитеті. Комитеттердің өкілеттіктері мен құзыреті Қоғамның Корпоративтік басқару кодексінде және Қоғамның өзге де ішкі нормативтік құжаттарында айқындалады.

79 Директорлар кеңесінің төрағасы Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Жарғыда белгіленген тәртіппен:

1) Директорлар кеңесінің жұмысын ұйымдастырады;

2) Директорлар кеңесі отырыстарын шақырады және оларға төрағалық етеді;

3) отырыстарда Директорлар кеңесі отырыстары хаттамаларының жүргізілуін ұйымдастырады және оларға қол қояды;

4) Директорлар кеңесінің шешіміне сәйкес белгіленген лауазымдық жалақы мөлшерімен Басқарма төрағасымен Қоғамның атынан еңбек шартын жасасады.

80 Директорлар кеңесінің төрағасы болмаған жағдайда, оның функциясын Директорлар кеңесінің шешімі бойынша Директорлар кеңесі мүшелерінің бірі жүзеге асырады.

81 Директорлар кеңесінің отырысы оның төрағасының немесе Басқарманың бастамасы бойынша, не:

1) Директорлар кеңесінің кез келген мүшесінің;

2) Қоғамның ішкі аудиті қызметінің;

3) Қоғамның аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымның;

4) Жалғыз акционердің талап етуі бойынша шақырылуы мүмкін.

82 Директорлар кеңесінің отырысын шақыру туралы талап Директорлар кеңесінің төрағасына Директорлар кеңесі отырысының ұсынылатын күн тәртібі бар тиісті жазбаша хабар жіберу арқылы қойылады.

Директорлар кеңесінің төрағасы отырысты шақырудан бас тартқан

жағдайда, бастамашы аталған талаппен Басқармаға жүгінуге құқылы, ол Директорлар кеңесінің отырысын шақыруға міндетті.

83 Директорлар кеңесінің отырысын Директорлар кеңесінің төрағасы немесе Басқарма шақыру туралы талап келіп түскен күннен бастап кемінде күнтізбелік жеті күннен кешіктірмей шақыруға тиіс.

84 Директорлар кеңесінің отырысы шақыру туралы талапты ұсынушы тұлғаның міндетті шақыруымен өткізіледі.

85 Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдар директорлар кеңесінің мүшелеріне отырыс өткізілетін күнге дейін жеті күн бұрын, кешіктірілмей беріледі.

86 Директорлар кеңесінің отырысын өткізу туралы хабарлама отырыстың өткізілетін күні, уақыты мен орны, оның күн тәртібі туралы мәліметтерді қамтуға тиіс, сондай-ақ ішкі отырысты өткізу кезінде Директорлар кеңесі мүшесінің мүмкіндігі туралы түсіндірмені ол отырысқа қатыса алмаған жағдайда, күн тәртібі бойынша жазбаша хабарлама жіберу арқылы дауыс береді.

87 Ірі мәміле және/немесе мүдделілік болуына орай жасалатын мәміле жасасу жөнінде шешім қабылдау туралы мәселе қаралған жағдайда, мәміле туралы ақпаратта мәміленің тараптары, мәміленің орындалу мерзімдері мен талаптары, тартылған адамдардың қатысу үлесінің сипаты мен көлемі туралы мәліметтер, сондай-ақ (АҚ туралы Занда көзделген жағдайда) бағалаушының есебі қамтылуға тиіс.

88 Директорлар кеңесінің мүшесі өзінің Директорлар кеңесінің отырысына қатыса алмайтыны туралы Басқарманы және корпоративті хатшыны алдын ала хабардар етуге міндетті.

89 Директорлар кеңесінің отырысын өткізу үшін кворум Директорлар кеңесі мүшелері санының кемінде жартысын құрайды және Директорлар кеңесінің қатыспаған мүшелері ескеріле отырып анықталуы мүмкін (жазбаша түрде жазылған олардың дауыстары болған жағдайда).

Егер Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы саны осы тармақтың алдындағы абзацта белгіленген кворумға қол жеткізу үшін жеткіліксіз болған жағдайда, Директорлар кеңесінің жаңа мүшелерін сайлау (тағайындау) мәселесін Директорлар кеңесі Жалғыз акционердің қарауына енгізуге міндетті.

Директорлар кеңесінің әрбір мүшесінің бір дауысы болады. Директорлар кеңесінің шешімдері, Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше көзделмесе, Директорлар кеңесінің отырысқа қатысқан мүшелерінің жай көпшілік дауысымен қабылданады.

Дауыстар саны тең болған кезде Директорлар кеңесі төрағасының немесе Директорлар кеңесінің отырысына төрағалық етуші адамның даусы шешуші болып табылады.

90 Директорлар кеңесіне Директорлар кеңесінің мүшелері ғана қатыса алатын өзінің жабық отырысын өткізу туралы шешім қабылдауға құқылы.

91 Оның жасалуында Қоғамның мүдделілігі бар ірі мәміле жасасу туралы шешім оны жасауға мүддесі жоқ Директорлар кеңесінің мүшелерінің жай көпшілік дауысымен қабылданады.

Егер Директорлар кеңесінің барлық мүшелері мәмілені жасауға мүдделі болып табылса және (немесе) Директорлар кеңесінің шешім қабылдау үшін қажетті дауыс санының болмауына байланысты осындай мәмілені жасау туралы шешім қабылдауы мүмкін болмаса, оны жасау туралы шешім Жалғыз акционермен қабылданады.

92 Директорлар кеңесі төрағасының қалауы бойынша Директорлар кеңесімен оның қарауына шығарылған мәселелер бойынша шешімдер қабылдау сырттай дауыс беру арқылы болуы мүмкін.

Директорлар кеңесінің сыртқы отырысын жүргізу тәртібі Қоғамның ішкі құжаттарында айқындалады.

93 Директорлар кеңесінің ішкі тәртіппен өткізілген оның отырысында қабылданған шешімдері хаттамамен ресімделеді, ол отырыс өткен күннен бастап үш күн ішінде жасалып, оған отырыста төрағалық еткен адам мен корпоративтік хатшы қол қоюға және онда:

- 1) Қоғамның атқарушы органының толық атауы және орналасқан жері;
- 2) отырыстың өткізілген күні, уақыты және орны;
- 3) отырысқа қатысқа тұлғалар туралы мәліметтер;
- 4) отырыстың күн тәртібі;

5) дауысқа қойылған мәселелер және Директорлар кеңесінің әр мүшесінің Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібінің әрбір мәселесі бойынша дауыс беру нәтижесі көрсетілген осы мәселелер бойынша дауыс берудің қорытындылары;

- 6) күн тәртібінің әр тармағы бойынша қабылданған шешімдер;
- 7) Директорлар кеңесінің шешімі бойынша өзге де мәліметтер.

94 Директорлар кеңесі отырыстарының хаттамалары және Директорлар кеңесі сырттай дауыс беру арқылы қабылдаған шешімдер Қоғамның мұрағатында сақталады.

Директорлар кеңесі мүшесінің талап етуі бойынша Қоғамның корпоративтік хатшысы оған Директорлар кеңесі отырысының хаттамасын және сырттай дауыс беру арқылы қабылданған шешімдерді танысу үшін беруге және (немесе) оған хаттама мен шешімдердің Қоғамның корпоративтік хатшысы қол қойып және Қоғам мөрінің бедерімен куәландырылған үзінді көшірмелерін беруге міндетті.

15. Қоғам Басқармасы

95 Қоғамның ағымдағы қызметтің басқаруды алқалық атқарушы орган - Басқарма жүзеге асырады. Басқарманы Басқарма төрағасы басқарады.

96 Басқарма басқа органдардың және Қоғамның лауазымдық тұлғаларының құзыретіне Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен және осы Жарғымен жатпайтын Қоғам қызметінің кез келген мәселелері бойынша шешімдер қабылдауға құқылы, оның ішінде:

- 1) тиісті саладағы уәкілетті органмен келісілген даму жоспарының жобасын, бекітілген даму жоспарының түзетулерін, сондай-ақ оның орындалуы туралы есептерді әзірлеуді қамтамасыз етеді және бекітуге Директорлар

кеңесіне ұсынады;

2) Қоғамның барлық қызметкерлерінің орындауы үшін міндетті шешімдер шығарады және нұсқаулар береді;

3) Жалғыз акционер және Директорлар кеңесі бекітетін құжаттарға жатпайтын Қоғамның қызметін ұйымдастыру мақсатында қабылданатын құжаттарды бекітеді;

4) Қоғамның штат кестесін бекітеді;

5) Қоғамның ішкі қызметінің өндірістік мәселелері бойынша шешімдер қабылдайды;

6) Қоғамның демеушілік (қайырымдылық) көмек көрсету туралы шешім қабылдайды;

7) Қоғамға тиесілі барлық активтердің он пайызына дейін құрайтын сомада активтердің бір бөлігін және бірнеше бөлігін беру жолымен өзге заңды тұлғаларды құруға және оның қызметіне Қоғамның қатысуы туралы шешім қабылдайды;

8) Қоғам қызметінің стратегиялық жоспарлануын жүзеге асырады;

9) Жалғыз акционердің және Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне жатпайтын Қоғам қызметін қамтамасыз етудің өзге де мәселелері бойынша шешім қабылдайды.

97 Басқарма Жалғыз акционердің және Директорлар кеңесінің шешімдерін орындауға міндетті.

98 Басқарманы, оның өкілеттігін құру, оның басшысы мен мүшелерін сайлау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін тоқтату Қазақстан Республикасының заңнамасына және осы Жарғыға сәйкес Директорлар кеңесінің шешімі бойынша жүзеге асырылады.

99 Басқарма мүшелері Қоғамның қызметкерлері болып табылады.

100 Басқарма мүшелері Директорлар кеңесінің келісімімен ғана басқа ұйымдарда жұмыс істеуге құқылы.

101 Басқарма төрағасының атқарушы орган басшысының не атқарушы органның функцияларын жеке-дара жүзеге асыратын тұлғаның, басқа заңды тұлғаның лауазымын атқаруға құқығы жоқ.

102 Басқарма мүшелері өздеріне жүктелген міндеттерді адал орындауға және Қоғам мен Жалғыз акционердің мүдделерін мейлінше жоғары дәрежеде көрсететін тәсілдерді пайдалануға тиіс.

103 Басқарма мүшелері Басқарма отырысын шақыру, Басқарма төрағасын хабардар ету жолымен немесе өзге де қол жетімді тәсілмен залалдың алдын алу, Қоғам қызметін оңтайландыру үшін қажетті шараларды қабылдауға міндетті.

104 Басқарма мүшелері басқарма төрағасын өздері жетекшілік ететін мәселелер шеңберіндегі істердің жай-күйі туралы хабардар етеді.

105 Басқарма мүшесінің өзге де функциялары, құқықтары мен міндеттері Қазақстан Республикасының заңнамасымен, осы Жарғымен, сондай-ақ көрсетілген тұлғаның Қоғаммен жасасқан еңбек шартымен айқындалады. Басқарма төрағасымен еңбек шартына Қоғамның атынан Қоғамның Директорлар кеңесінің төрағасы немесе оған Жалғыз акционер немесе

18

Директорлар кеңесі уәкілеттік берген тұлға қол қояды. Басқарманың қалған мүшелерімен еңбек шартына басқарма төрағасы қол қояды.

Басқарма мүшесі Қоғам қызметкерін сайлаған, Қоғаммен еңбек қатынастарын жалғастыру жағдайында Басқарма мүшесінің өкілеттіктерін тоқтатқан жағдайда қызметкермен еңбек шартына тиісті қосымша келісім жасалады.

106 Басқарма кемінде 3 (үш) адамнан тұрады.

107 Басқарма өотырысы Басқарманың кез келген мүшесінің талап етуі бойынша шақырылуы мүмкін.

108 Басқарманың шешімдері қатысушы мүшелердің дауыс көпшілігімен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда Басқарма төрағасы дауыс берген шешім қабылданады.

109 Басқарма төрағасы:

1) Басқарманы басқарады;

2) Жалғыз акционердің, Директорлар кеңесінің шешімдерін орындауды ұйымдастырады;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Қоғамның атынан мәмілелер жасасады;

4) оның меншікті капиталының мөлшерінен он пайыздан аспайтынын құрайтын шамаға Қоғамның міндеттемелерін ұлғайту туралы шешім қабылдайды;

5) Қоғамның атынан өзінің үшінші тұлғалармен қарым-қатынастарында сенімхатсыз іс-қимыл жасайды;

6) өзінің үшінші тұлғалармен қарым-қатынастарында Қоғамның атынан өкілдік ету құқығына сенімхаттар береді, оның ішінде филиалдар мен өкілдіктер басшыларына;

